

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5750 болып енгізілді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 34) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Орта (М.Т. Санатова), техникалық және кәсіптік (Қ.Қ. Бөрібеков), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (С.М. Өмірбаев) департаменттері осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің:

1) "Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" 2008 жылғы 12 ақпандағы N 61 бұйрығының (N 5168 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2009 жылғы 11 ақпандағы N 21 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);

2) "Педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 12 ақпандағы N 61 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2009 жылғы 20 наурыздағы N 128 бұйрығының (N 5615 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Министр

Ж. Түймебаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

_____ Г. Әбдіқалықова

2009 жылғы 07 тамыз

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2009 жылғы 13 шілдедегі
№ 338 бұйрығымен
бекітілген

Педагог лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары

Ескерту. Біліктілік сипаттамалары жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік (орта білімнен кейінгі), арнайы, мамандандырылған, қосымша білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан қолдануы үшін міндетті.

2. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасы (бұдан әрі - Сипаттама):

білім беру ұйымдарындағы олардың орны мен рөлін анықтайтын құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер жасауға;

педагогтердің міндеттерін, құқықтарын және жауапкершіліктерін белгілейтін лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеуге;

кадрларды іріктеу мен орналастыру, оларды пайдалануда дұрыстығына бақылауды жүргізуге;

білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімдерін өткізуге негіз болады.

3. Педагогтер лауазымының атаулары білім беру ұйымдарының штат кестесінде осы Сипаттамада көрсетілген лауазымдық атауларға сәйкес келуі қажет.

4. Мамандардың лауазымдық міндеттер мен білім талаптарына (бас есепші, бас инженер, есепші, инженер, экономист және тағы басқалар) лауазымдары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген қызметтің барлық саласына арналған жалпы біліктілік сипаттамасының негізінде анықталады.

5. Басшылар, педагогтер біліктілік санаттары білім басқармасы органдары белгілейді.

1-бөлім. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, арнаулы ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің лауазымдық біліктілік сипаттамалары

2-тарау. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

1-параграф. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы

6. Лауазымдық міндеттері. нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту және тәрбие ұйымның (бұдан әрі - МДҰ) қызметін басқарады.

Педагогикалық кеңес жұмысын басқарады.

Оқу жұмыс жоспарларын, қосымша мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады, ішкі тәртіп ережелерін бақылайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру, оның ішінде кедергісіз орта құру үшін арнайы жағдайлар жасайды.

Білім беру ұйымын басқару құрылымын анықтайды, қаржылық, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді.

Тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді.

Қоғамдық педагогикалық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктердің қызметіне ықпал етеді.

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайту, тамақтандыру және балаларға дәрігерлік қызмет көрсету үшін ұйымды қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардан түскен қаражат пен оның жұмсалуды туралы есеп береді.

Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық-гигиеналық тәртіптің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады.

Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді.

Кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасайды.

Белгіленген тәртіппен қызметкерлердің біліктілік санатын беру (растау) жүргізеді.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу.

Білім беру ұйымдарының туралы қажетті есепті дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады.

7. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді;

педагогика мен психология негіздерін;

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын,

педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін,

экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметін,

еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін.

8. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі;

үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - 5 жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда 2 жыл, ауылдық жерде – 3 жыл, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда 1 жыл;

оқытушылық қызметті жүзеге асыру кезінде – қосымша педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының немесе педагог - сарапшының, педагог - зерттеушінің, педагог - шебердің біліктілік санатының болуы, педагогикалық жұмыстың өтілі кемінде 5 жыл..

2-параграф. Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері

9. Лауазымдық міндеттері. Білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Оқу, оқу-тақырыптық жоспарлар және бағдарламаларды құрастырады.

Балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады.

Жас ерекшелік топтары бойынша сабақты жасайды.

Тәрбие мен оқытудың мазмұнын, нысанын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді.

Оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады.

Жаңартылған педагогикалық тәжірибелерді анықтауды, зерделеуді, таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді.

Оқу әдістемелік құралдармен, ойындармен, ойыншықтармен топтарды жабдықтауды ұйымдастырады.

Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жағдайына талдау жасайды.

Тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топ бойынша консультациялар, конкурстар мен көрмелер өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады.

Оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкін жүргізеді, есепке алу және есеп беру құжаттамаларын уақытылы ресімдейді.

Тәрбиешілердің, психологтардың, логопедтердің, музыкалық жетекшілердің, басқа да ұйым мамандарының өзара әрекеттесуін үйлестіреді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін үйлестіреді.

Тәрбиеші лауазымына және олардың көмекшілеріне кадрларды іріктеу бойынша ұсыныстар енгізеді.

Біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау), педагогтарды аттестаттау бойынша жұмысты үйлестіреді.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу.

10. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодекcін және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, мектепке дейінгі оқыту мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын,

дидактика принциптерін, педагогика негіздерін, психологияны, жалпы және жеке оқыту және тәрбиелеу әдістерін,

еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, әдістемелік және ақпараттық материалдың жүйелендірудің қағидаларын.

11. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білімі; мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес;

педагог-шебер үшін тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім; мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес;

педагог-модератор, педагог-эксперт, педагог-зерттеуші үшін бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар жағдайда педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес.

12. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог" (санаты жоқ):

Мектепке дейінгі ұйым әдіскеріне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы керек :

Үлгілік оқу жоспарының, Үлгілік оқу бағдарламаның мазмұны мен құрылымын білу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістері туралы білімі, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;

мектепке дейінгі жылдық жоспар құру және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру; балалардың дағдыларын дамыту сапасын бақылау;

білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар ұйымдастырады; меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті білу.

2) "педагог-модератор":

Санаты жоқ "педагог" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауапты болуы керек

:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіснамасын білуі керек;

ұзақ мерзімді жоспар мен циклограмма жасау;

инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану;

әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысын ұйымдастыру;

педагогтерге инновациялық технологияларды практикада қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету;

өзінің кәсіби біліктілігін арттыру;

меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін білу.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі керек:

ұзақ мерзімді жоспар мен циклограмма жасау;

балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруды талдау дағдыларына ие болу;

тәрбиешілердің аудандық, қалалық кәсіби жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

әдістемелік бірлестіктер, кеңестер, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру;

педагогтердің біліктілігін арттыру;

аудандық/қалалық деңгейдегі ұйым педагогтердің жеке және тәжірибелерін жинақтау, меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік.

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауапты болуы керек, сонымен қатар:

аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысына қатысу;

педагогтердің зерттеу құзыреттілігін дамыту;

педагогтердің қалалық және облыстық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге; аудандық, қалалық және облыстық деңгейде әдістемелік жұмыстың тәжірибесін ұсыну;

практикалық тәлімгерлік;

көпшілік алдында сөйлеу және аудиториямен қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болу;

мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін қолдануға шығармашылық ізденістер жүргізу; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемелік әзірлемелері бар.

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі керек, сонымен қатар:

ұлттық және халықаралық деңгейдегі әдістемелік семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысу;

оқу, тәрбие әдістерін, оқу бағдарламаларын әзірлеу дағдыларын білу;

тәрбиешілердің облыстық және республикалық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;

практикалық тәлімгерлік және педагогикалық қоғамдастықтың даму стратегиясын конструктивті түрде анықтау;

облыстық оқу-әдістемелік кеңесінде немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған, әдістемелік құжаттардың болуы;

ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету,

тәлімгерлікті қамтамасыз ету және облыстық деңгейде кәсіби қоғамдастық желісін дамыту; республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу.

3-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының музыкалық жетекшісі

13. Лауазымдық міндеттері: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына сәйкес балаларды эстетикалық дамыту мен музыкалық тәрбиелеуді жүзеге асырады.

Музыкалық сабақты, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді, музыкалық дарынды балаларды анықтайды. Балалармен жеке жұмысты жүргізеді.

Балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық және дидактикалық ойындар өткізеді.

Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.

Балалармен жұмыс жасауда инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізеді.

Балаларды музыкалық тәрбиелеу мәселесі ата-аналар мен тәрбиеленушілерге кеңес береді.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу.

14. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды,

балалар репертуарындағы музыкалық шығармалар, музыкалық білім беру әдістерін.

15. Біліктілік санаттарына қойылатын талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын құжат немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

жұмыс өтілі педагог-модератор үшін 3 жылдан кем емес, педагог-эксперт үшін 4 жылдан кем емес, педагог-зерттеуші мен педагог-шебер үшін 5 жылдан кем емес болуы қажет.

16. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог" (санаты жоқ):

Педагогқа қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс: оқу бағдарламасының мазмұнын және оқыту әдістемесін білу, жұмыс жоспарын құру, білім беру ұйымы деңгейінде іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру.

2) "педагог-модератор":

педагогке қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сондай-ақ:

тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз ету;

әр түрлі музыкалық сабақ түрлерін кеңінен қолдану;

мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдістемелік жұмысына қатысу;

педагогикалық кеңестерде қатысу;

ашық сабақтар өткізу, білім беру ұйымы ішіндегі іс-шараларға қатысу;

3) "педагог-сарапшы":

педагогтерге қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектепкі дейінгі жастағы балаларды музыкалық тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістерін меңгеруі, баланың музыкалық қабілетінің даму диагностикасының элементтерін білуі;

баланың даму ортасының қалыптасуына белсенді қатысуы тиіс.

4) "педагог-зерттеуші":

Педагог-сарапшыға қойылатын талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: мектепке дейінгі жастағы балаларды музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы әдістерін қолданудың өзінің шығармашылық ізденісін жүзеге асыруы, балаларды музыкалық дамытудың өзіндік ерекше әдістерін білуі;

кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

5) "педагог-шебер":

педагог-зерттеушіге қойылатын талаптарға жауап беруі, сондай-ақ: балалардың музыкалық дамуының өзіндік ерекше бірегей әдістемелерінің болуы; республикалық (халықаралық) деңгейде кәсіби конкурстардың қатысушысы болып табылады.

4-параграф. Мектепке дейінгі тәрбиеші

17. Лауазымдық міндеттері: Балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: оларды оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сақтайтын технологияларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортанын қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс, көркемөнер, еңбекке баулу) жетекшілік етеді.

Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық әдісін іске асырады.

Дамуында ауытқу байқалатын балалармен түзеу қызметі саласында еңбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды.

Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді қорытындылай отырып жоспарлайды.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мүмкіндіктерінің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді.

Отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту барысында ата-аналарға консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

18. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттарын.

19. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бейінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-модератор және педагог-сарапшы үшін мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 3 жыл, педагог-шебер лауазымындағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Біліктілігі орта деңгейлі болған жағдайда мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі лауазымында жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші кемінде 4 жыл.

20. Тиісті санатты алу үшін жауапкершілікті анықтайтын біліктілік талаптары:

1) "педагог" (санаты жоқ):

педагогке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі керек:

Үлгілік бағдарламаның мазмұны мен құрылымын білу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіснамасын білу;

жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен оқытуға жеке көзқарас жүргізу; бірлескен пресипетивалық жоспар мен циклограмма жасау;

оқушылардың білім, білік және дағдыларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз ету;

ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен қарым-қатынас жасау;

әдістемелік жұмыстарға қатысуға; балалардың дамуын диагностикалау; білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгереді, сандық білім беру ресурстарын қолданады.

2) "педагог-модератор":

"педагог" (санаты жоқ) санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі керек:

Стандартта қарастырылған балалардың білім, бейім және дағдыларды алуын қамтамасыз ету,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіснамасын білу және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеуге жеке көзқарас енгізу, перспективалық жоспар мен циклограмма жасау, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, аудандық, әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысына қатысу, өзінің кәсіби біліктілігін арттыру, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибе жинақтау, білім беру ұйымдары деңгейінде тәжірибені кеңейту, білім беру ұйымдары деңгейінде байқаулар мен жарыстарға қатысушылары болуы қажет.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс:

Стандартта көрсетілген тәрбиеленушілердің білім, бейім және дағдын алуын қамтамасыз ету, перспективалық жоспар және циклограмма әзірлеу, балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажет балаларды, диагностикалау тетігін меңгеру, балалардың зерттеу дағдыларын дамыту, балалардың аудандық, қалалық, конкурстарға қатысуын жүзеге асыру, әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысу, өзінің кәсіби біліктілігін арттыру, ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау дағдысын меңгеру, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтау, білім беру ұйымы деңгейінде жеке және әріптестерін, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау, аудан/қала деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

4) "педагог – зерттеуші":

"педагог-сарапшы" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс:

аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысу; балалардың зерттеу дағдыларын дамыту; балалардың қалалық, облыстық конкурстарға қатысуын жүзеге асыру; тәлімгерлікті тәжірибе енгізу; көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен қарым қатынас жасау дағдыларын меңгеру;

мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану;

аудан, қала деңгейінде мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мәселелері бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы;

сабақтарды зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру, тәрбиеленушілердің зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейінде Педагогикалық қоғамдастықтағы даму стратегиясын конструктивті анықтау, облыс/республикалық маңызы бар және елорда қалалар деңгейінде тәжірибені жинақтау;

облыс/республикалық маңызы бар және елорда қалалар деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс:

облыстық және республикалық немесе халықаралық деңгейдегі семинарларға, конкурстар мен конференцияларға қатысу,

оқу бағдарламаларын, тәрбиелеу және оқыту әдістемелерін әзірлеу бейімі мен дағдыларын меңгеру;

балалардың қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысуын жүзеге асыру,

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау, республикалық және халықаралық конкурстардың қатысушысы болып табылады немесе республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушыларды даярлау.

5-параграф. Мектепке дейінгі ұйымның қазақ, орыс тілінің мұғалімі

21. Лауазымдық міндеттері: қазақ, орыс тілінің мұғалімі оқылатын тілдің ерекшелігін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес балаларды оқытуды жоспарлайды және ұйымдастырады.

Қазақ, орыс тілдерін меңгеру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін балалармен ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, олардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдесу.

Оқытудың әртүрлі формаларын, әдістерін, тәсілдері мен құралдарын сауатты пайдалану, инновациялық технологияларды меңгеру.

Жоспарлауға ғылыми-әдістемелік көзқарасты жүзеге асырады, дамытушылық оқытуға орната отырып, сабақтарға бағдарламалық материалдарды пысықтайды және түзете алады.

Бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлейді.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне, білім беру ұйымдарында балаларға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысады, кәсіби құзыреттілігін арттырады.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жауапты.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

22. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық құжаттарын.

23. Біліктілікке қойылатын талаптар:

тиісті бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын құжат, тиісті бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтілі талаптары қойылмайды;

Біліктілік деңгейі жоғары болған жағдайда педагог-шебердің мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін 2 жылдан кем емес, педагог-сарапшы үшін 3 жылдан кем емес, педагог-зерттеуші үшін 4 жылдан кем емес.

24. Тиісті санатты алу үшін жауапкершілікті анықтайтын біліктілік талаптары:

1) "педагог" (санаты жоқ):

санаты жоқ қазақ, орыс тілі мұғалімдеріне қойылатын талаптарға жауап беруі, сондай-ақ:

бағдарламалық материалдың мазмұнын білуі,

мектепке дейінгі тәрбие әдістемесін білуі,

жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыруы,

шеберлік пен дағдылардың даму деңгейіне диагностика жүргізуі,

мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдістемелік жұмысына қатысуы,

инновациялық тәжірибені зерделеуі тиіс,

баланы дамытудың пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын ресімдеуге қатысу,

ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру,

тәрбиеленушілердің жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, білім беру ұйымдары деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін

ескере отырып тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілдерді жүзеге асыру, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану.

2) "педагог-модератор";

Санаты жоқ "педагог" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы тиіс:

бағдарламалық материалдың мазмұны мен құрылымын білу;

инновациялық әдістемелер мен технологияларды қолдану,

әр түрлі жастағы топтарда шеберлік пен дағдылардың даму деңгейіне диагностика жүргізу,

мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдістемелік жұмысына қатысу, білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңестерде сөйлеу, баланы дамытудың пәндік-кеңістіктік дамытушылық ортасын қайта құруға белсенді қатысу, әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысу,

білім беру ұйымдарында кәсіби біліктілігін арттыру,

білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау,

білім беру ұйымы деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" санатының жалпы талаптарына сәйкес келуі тиіс, сонымен қатар:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда әдістемелік жұмысқа, аудан, қала деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

педагогикалық кеңестерде сөйлеуі, өзінің кәсіби біліктілігін арттыруы,

ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талдау дағдысын меңгеру, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтау: білім беру ұйымы деңгейінде жеке және әріптестерін, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау, аудан/қала деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушыларының болуы.

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы керек, сонымен қатар:

оқу бағдарламаларын, оқыту әдістемелерін әзірлеудің дағдылары мен іскерліктерін меңгеруі,

аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың қызметіне қатысуы,

балалардың зерттеу дағдыларын дамытуы,

қалалық, облыстық конкурстарға балалардың қатысуын жүзеге асыруы,

тәлімгерлікті тәжірибеге енгізу;

көпшілік алдында сөз сөйлеу және аудиториямен қарым қатынас жасау дағдыларын меңгеруі,

мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану,

аудан, қала деңгейінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы,

сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру, тәрбиеленушілердің зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету, тәлімгерлікті жүзеге асыру және педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде даму стратегиясын конструктивті анықтау, облыстардың/республикалық және елордалық қалалары деңгейінде тәжірибені жинақтау, облыстардың/ республикалық және елордалық қалалары деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы.

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келу, сонымен қатар:

жаңа бағдарламалар мен педагогикалық технологияларды меңгеру бойынша эксперименттік жұмысқа қатысу;

республикалық деңгейдегі шығармашылық конкурстарға қатысу қорытындысы бойынша балалардың көрсеткіштерінің болуы;

республикалық деңгейдегі әдістемелік жұмыстарға белсенді араласу; республикада тәжірибені трансляциялау және енгізу;

республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған, авторлық бағдарламасы немесе оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен автор) бола алуы немесе авторлық бағдарламалары болуы;

жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етуі; тәлімгерлікті жүзеге асыруы және облыс деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытуды жоспарлау,

халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылуы немесе немесе облыстық білім беру органдарының уәкілмен бекітілген республикалық және халықаралық конкурстарға қатысушыларды даярлайды.

6-параграф. Арнайы педагог (дефектолог-мұғалім, дефектолог, логопед-мұғалім, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог)

25. Лауазымдық міндеттері: Баланың дене, психикалық, сөйлеу, неврологиялық мәртебесін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігін бағалауды жүзеге асырады, баланың сөйлеу және психофизикалық дамуына тексеру жүргізеді, құжаттаманы жүргізеді және талдайды.

Жеке оқу, жеке-дамыту бағдарламаларын әзірлейді, әртүрлі білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Тәрбиешілермен және басқа да мамандармен тығыз байланыста топтық және жеке және түзету, бұзылған функцияларды қалпына келтіру және ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушіні әлеуметтендіру бойынша қызметті жүзеге асырады.

Педагогтерге, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жөнінде кеңес береді.

Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, стандарт талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлерін, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын қолданады.

Арнайы білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Кәсіби біліктілігін арттырады.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметіне, семинарларға, конференцияларға қатысады.

Қажетті құжаттаманы жүргізеді.

Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті меңгерген.

Қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

26. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасы жемқорлыққа қарсы күрес" туралы Заңдарын және білім беру мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілерді,

өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;

арнайы мектепке дейінгі педагогика, арнайы психология,

оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;

арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері, санитарлық ережелер.

27. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Арнайы білім" мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі немесе қайта даярлау курсынан өткендігін растайтын

құжат немесе "Арнайы білім" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.

Біліктілік деңгейі жоғары болған жағдайда педагог-шебердің мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

Біліктілік орта деңгей болған жағдайда мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 4 жыл.

28. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) "педагог" (санаты жоқ):

дамуында ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған балаларды оқыту диагностикасының әдістерін меңгеруі,

арнайы мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, дамытушылық, коммуникативтік және әдістемелік қызметті жүзеге асыру;

дефектологияның қазіргі заманғы әдістерін меңгеруі,

білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысуы,

балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлауы және ұйымдастыруы;

балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал ету, білім беру ұйымдары деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке көзқарасты жүзеге асыру, кәсіптік-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру, сандық білім беру ресурстарын қолдану.

2) "педагог – модератор":

"педагог" (санаты жоқ) санатының жалпы талаптарына жауап беруі, сонымен қатар: тәрбиеленушілердің дамуындағы ауытқуларды диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерін пайдалануы, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтауы тиіс.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог – модератор" санатының жалпы талаптарына жауап беруі тиіс, сонымен қатар:

балалардың дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету әдістері мен тәсілдерін пайдалануы;

ата-аналармен немесе оларды алмастыратын тұлғалармен ынтымақтастықты қамтамасыз етуі;

инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеуі және енгізуі;

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеруі, тәлімгерлікті жүзеге асыруы және кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтауы, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтауы тиіс.

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог – сарапшы" санатының жалпы талаптарына жауап беруі тиіс, сонымен қатар:

дефектология ғылымының жаңа жетістіктерін пайдалану;

арнайы педагогика және психология;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтай отырып, тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, инновациялық технологияларды, оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану ;

қызмет бағыты бойынша басқа ұйымдармен өзара іс - қимылды қамтамасыз ету;

облыс деңгейінде қызмет бағыты бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы;

сабақтарды зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру, тәлімгерлікті жүзеге асыру облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде тәжірибені жинақтау;

психологиялық-педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы тиіс.

5) "педагог-шебер":

"педагог – зерттеуші" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

арнайы педагогиканың жаңа жетістіктерін енгізу;

педагогикалық зерттеудің негізгі әдіснамалық принциптерін басшылыққа ала отырып, өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыра білу;

кәсіби даму траекториясына сәйкес өзін-өзі оқыту дағдыларын меңгеру;

авторлық бағдарламасы болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлдау алған шығарылған бағдарламалардың , оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болуы;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болып табылуы, облыс деңгейінде әлеуметтік педагогтардың кәсіби қоғамдастығының желісін дамытуды жоспарлауы және тәлімгерлікті жүзеге асыру.

7-параграф. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагог-ассистенті

29. Лауазымдық міндеттері: Жалпы үлгідегі білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдарында болу уақыты ішінде, олардың дербес қызметі денсаулық жағдайы бойынша шектелген жағдайда, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетеді.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынысы бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетеді.

Педагогтың басшылығымен білім беру, дамыту процестеріне қатысады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарының ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тексеруіне, сондай-ақ жеке білім беру бағдарламаларын жасауға қатысады.

Оқыту және дамыту жұмыстары барысында ерекше білім беру қажеттілігі бар бала туралы деректерді жинауды, білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерін хаттамалауды, білім беру, әлеуметтік-бейімделу (мінез-құлық) дағдыларын дамыту динамикасын, оқыту процесінің динамикасын мониторингілеу және баланы әлеуметтендіру үшін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарына ақпарат беруді жүзеге асырады және жүргізеді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың өмір сүру қауіпсіздігі мен денсаулығының қажетті жағдайларын сақтайды, ілесіп жүру кезеңінде қорғау педагогикалық режимін сақтайды.

Белгіленген нысан бойынша есеп беру құжаттамасын жүргізеді.

Білім беру процесінің барлық субъектілерінің, оның ішінде балалар отбасының қатысуымен ұйымда "құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын енгізеді.

30. Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы", "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және ұстау бойынша білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган ұсынған әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулық-әдістемелік материалдар;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелері, санитарлық ережелер.

31. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Арнайы білім" бағыты бойынша қосымша білім беру бағдарламасы бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат,

жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе "Арнайы білім" бағыты бойынша техникалық және кәсіптік білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шеберге арналған мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 6 жыл;

және (немесе) біліктілігі орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 5 жыл.

32. Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

1) педагог (санаты жоқ):

ұйымдастырылған оқу және түзету-дамыту іс-әрекетінің барлық түрлерінде эмоциялық-еркі, интеллект, көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға ілесіп жүру мүмкіндігі болуы тиіс;

білім беру процесіне қатысушылардың әртүрлі нанымдары мен көзқарастарына төзімділікті, мәдени әр алуандығына ашықтықты көрсету және инклюзивті білім беруді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға қоғамның толерантты көзқарасын насихаттауды жүзеге асырады.

2) "педагог-модератор":

"педагог-ассистент" біліктілігіне қойылатын кәсіби құзыреттілікті, сондай-ақ:

дамуында ауытқушылықтың психологиялық-педагогикалық диагностикасының қазіргі заманғы әдістерін білу;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін бағалау дағдысының болуы;

тәрбиешінің басшылығымен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің, консилиумның ұсынымдарын орындай білу және білім беру және түзету-дамыту процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын кәсіби құзыреттілікті, сондай-ақ:

дамуында ауытқушылықтың психологиялық-педагогикалық диагностикасының қазіргі заманғы әдістерін білу;

білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін бағалау дағдысының болуы;

мұғалімнің басшылығымен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің, мектеп консилиумының ұсыныстарын орындай білу және білім беру және түзету-дамыту процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

дамуында бұзылушылықтарды психологиялық-педагогикалық диагностикалау әдістерін қолдана білу, психологиялық-педагогикалық тексеру нәтижелерін талдау және жүргізу;

білім алушының білім алу қажеттіліктеріне байланысты білім беру бағдарламаларын бейімдеу, жеке-дамытушы (мінез-құлықтық) бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кәсіби құзыреттеріне ие болу;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелері бойынша кеңес беру.

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын кәсіби құзыреттілікті, сондай-ақ:

дамуында ауытқушылықтың психологиялық-педагогикалық диагностикасының қазіргі заманғы әдістерін білу;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін бағалау дағдысының болуы;

тәрбиешінің басшылығымен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің, консилиумның ұсынымдарын орындай білу және білім беру және түзету-дамыту процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру.

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мазмұны мен технологиялары бойынша кәсіби құзыреттілікке ие болу;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагог-ассистенттің жұмысын үйлестіру дағдысы болу (жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру, ұйымдастырылған қызметтің барлық түрлерінде түзету-дамыту қолдау көрсету));

педагог-ассистенттер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізе білу;

инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, түзету, коммуникативтік, консультативтік, әдістемелік қызметті жүзеге асыру, жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын сынақтан өткізу бойынша жұмысты жүргізу;

барлық деңгейдегі инклюзивті білім берудің озық тәжірибесін зерделеу және енгізу;

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі, сондай-ақ:

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мазмұны мен технологиялары бойынша кәсіби құзыреттілікке ие болу;

педагог-ассистенттер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізе білу;

инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, түзету, коммуникативтік, консультативтік, әдістемелік қызметті жүзеге асыру, жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын сынақтан өткізу бойынша жұмысты жүргізу;

